



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындарда жүргізілген пікіртерімнің нәтижесі
(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік
және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы)

2025 жылғы III тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша-кредит саясаты департаменті

Жалпы ақпарат

I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

II. Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы және жұмыспен қамту (15 бет)

Қорытынды

Пікіртерім туралы мәлімет


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардың бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2025 жылғы 3-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3 478

Іріктеме туралы мәлімет

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 245
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 789
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 314
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 970
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 270
Ауыл шаруашылығы	➤ 197

Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы ➤ **2 785**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2025 жылғы 3-тоқсанда іріктеменің жартысынан астамын **тау-кен өндіру өнеркәсібі (62,4%), ауыл шаруашылығы (58,9%), құрылыс (58,3%)** және **өңдеу өнеркәсібі (56,4%)** саласындағы ірі және орташа кәсіпорындар құрады.


Іріктеменің жартысынан азы **көлік пен қоймада сақтау (43,7%)** және **сауда (22,5%)** саласындағы ірі және орта кәсіпорындардан тұрады.

2025 жылғы 3-тоқсанда бәсекелестіктің маңыздылығы ауыл шаруашылығы, көлік пен қоймада сақтаудан басқа, барлық салада артты.


Сауда нарықтық бәсекелестік барынша әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың **44,5%-ы** оның өз бизнесіне әсерін сезінуде.

Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі **36,4%**, **көлік пен қоймада сақтауда – 28,1%**, **құрылыста – 22,3%**, **ауыл шаруашылығында – 20,8%-дан**, ал **тау-кен өндіру өнеркәсібінде 15,1%** болды.


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін шектеуші факторлар, %



4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2025 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындарға бизнесті жүргізуде мыналар:

- сауда және өңдеу өнеркәсібі үшін **нарықтық бәсекелестік**;
- ауыл шаруашылығы үшін **білікті кадрлардың жетіспеушілігі**;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс үшін **салық ауыртпалығының деңгейі** негізгі кедергі болды.

Алдағы 12 айда барлық сала бойынша инвестицияларды қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте ауыл өңдеу өнеркәсібінде (11,7%) ең көп ұлғаюы күтілуде. Инвестициялардың қысқаруы бойынша ең теріс күтулер құрылыста (14,0%) қалыптасты.


5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)




Тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және қоймада сақтау саласынан басқа барлық салада Ресей рублі басым.

2025 жылғы 3-тоқсанда есеп айырысуда төңгені өңдеу өнеркәсібінің, көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары барлығынан көп пайдаланды.

6-график. Теңге бағамының Ресей рубліне қатысты өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)




7-график. Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



2025 жылғы 3-тоқсанда төңгенің **Ресей рубліне** қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс кәсіпорындарын қоспағанда, барлық саладағы кәсіпорындар үшін ұлғайды. Төңгенің **АҚШ долларына** қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылысты қоспағанда, барлық кәсіпорындар үшін ұлғайды.

* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Кредиттеу шарттары қолайлы деңгейден жоғары кәсіпорындардың үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	18,2	6,1	7,0	2,7
Өңдеу өнеркәсібі	15,9	6,8	5,1	3,1
Құрылыс	20,5	8,5	6,6	4,0
Сауда	19,1	8,3	6,0	3,7
Көлік және қоймада сақтау	19,2	7,0	7,2	3,4
Ауыл шаруашылығы	16,0	6,1	6,8	3,4

9-график. Кредит алуы көздеген кәсіпорындар, %




2025 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығы, көлік және қоймалау салаларында банктік кредит беру шарттары қолайсыз кәсіпорындардың үлесі төмендеді. Кредит беру шарттары қолайлы деңгейден жоғары болған кәсіпорындардың ең көп саны құрылысқа (17,8%), ал ең азы көлік пен қоймаға (11,5%) тиесілі.


Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме құрылыс саласында (20,5%), ал шетел валютасында - көлік пен қоймалау (7,2%) салаларында белгіленді.

2025 жылғы 4-тоқсанда кредит алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (22,8%), ал ең азы - көлік пен қоймалау (8,5%) салаларына тиесілі.


10-график. Орташа өлшемді* кредиттік жүктеме**, %



11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен*** берешегі бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2025 жылғы 3-тоқсанда көлік және қоймалау саласындағы орташа алынған кредиттік жүктеме (14,0%) басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мәні ауыл шаруашылығы саласында байқалды (7,1%).

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі көлік және қоймалау, ауыл шаруашылығы салаларында ұлғайды.

2025 жылғы 3-тоқсанда барлық салалардың пікіртерімге қатысқан 31 кәсіпорнына кредит беруден бас тартылды.

*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні

** Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс * 100

*** 90 күннен астам




Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ*

14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ



16-график. Сауда, ДИ

17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ

18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс — Дайын өнім бағасы — Шикізат бағасы

2025 жылғы 3-тоқсанда тау-кен өнеркәсібінде, көлік пен қоймада сақтау, ауыл шаруашылығында **дайын өнімге сұраныс** артты. 2025 жылдың 4-тоқсанында тау-кен өнеркәсібінен басқа кәсіпорындар дайын өнімге сұраныстың артуын күтуде.

2025 жылғы 3-тоқсанда дайын өнім бағасының өсуінің баяулауы сауда, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы салаларында байқалды. 2025 жылғы 4-тоқсанда ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда дайын өнім бағасының өсу қарқынының баяулауы күтілуде.

Сонымен қатар тау-кен өнеркәсібінде, көлік пен қоймада сақтау, ауыл шаруашылығында шикізат пен материалдар бағасының өсуі баяулады. 2025 жылғы 4-тоқсанда барлық салаларда шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының баяулауы күтілуде.


*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

** 2025 жылғы 4-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі


19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі*, %



2025 жылғы 3-тоқсанда өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі тау-кен өнеркәсібінен басқа барлық салаларда төмендеді. ӨҚЖ-ның деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде ең жоғары (59,1%).

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде жағдай өте жақсы, мұнда ӨҚЖ (ӨҚЖ \geq 90%) барынша жоғары кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2025 жылғы 3-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



* Орташа арифметикалық өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша өлшенген аралықтың орташа мәні.

** Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі мен сауданы қоспағанда)

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалық мәні*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**, %	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,29	1,57	0,21	39,9	0,49	54,5
Өңдеу өнеркәсібі	1,43	1,59	0,24	23,2	0,44	65,3
Құрылыс	1,14	1,31	0,27	24,5	0,29	75,0
Сауда	1,22	1,17	0,39	21,6	0,28	82,4
Көлік және қоймада сақтау	1,27	1,77	0,16	29,8	0,49	36,1
Ауыл шаруашылығы	1,42	1,37	0,08	16,5	0,40	44,2

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқамерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі соғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқамерзімді және ұзақмерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) МК – меншікті капитал	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқамерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

2025 жылғы 3-тоқсандағы кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мынадай болып қалыптасты:

- өңдеу өнеркәсібі (**АӨК=1,43**) мен ауыл шаруашылығы (**АӨК=1,42**) кәсіпорындарының өтімділігі барынша жоғары;
- көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті болып табылды (**ЖТҚК=1,77**);
- саудадағы іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,39**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары неғұрлым тиімді (**СР=39,9%**), ауылшаруашылығы кәсіпорындары аса тиімді емес (**СР=16,5%**) болып қалды;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және қоймада сақтау кәсіпорындарында (**ӨҚК=0,49**) өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары;
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылды (**ААҚУ=82,4%**).


*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

** Пайыздық төлемдер, салық және амортизациялық шығындар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі


Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Тау-кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қоймада сақтау — Ауыл шаруашылығы

2025 жылғы 3-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі саласынан басқа барлық салада кәсіпорындардың өздерінің **қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілеті жақсарды** (АӨК ұлғайды). Инвестицияларды өз қаражаты есебінен қаржыландыру мүмкіндігі (ӨҚК) өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және сауда салаларында ұлғайды.

Сауда, құрылыс және тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларында іскерлік белсенділіктің (ААК) жақсарғаны байқалады, Кәсіпорындардың жалпы төлемге қабілеттілігі (ЖТҚК) өңдеу және тау-кен өндіру өнеркәсібі, құрылыс салаларында артты.


* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

** Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (11-бет)


Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сату көрсеткішінің орташа рентабельділігі*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы*, %



27-график. Қаржылық жылды табыспен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



Сату рентабельділігі (салық салғанға дейін және пайыздар мен амортизация төлеу бойынша шығыс шегерілгенге дейін) 2025 жылғы 3-тоқсанда сауда және құрылыста өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын шығынмен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінде жоғары (15,5%).

Қаржы жылын пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі саласының бағалауы барынша жоғары (50,6%).

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі жылды шығынмен аяқтауды күтетіндердің үлесінен көп.


*Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау


Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысу бойынша мерзімі өткен берешек жағдайы өзгерді. 2025 жылғы 3-тоқсанның нәтижесі бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық және кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі тиісінше **23,5%-дан 24,2%-ға** дейін және **19,8%-дан 20,3%-ға** дейін шамалы **ұлғайды**.

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Еңбекақымен және жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі¹, ДИ²



31-график. Қызметкерлер санындағы өзгеріс³, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі⁴, %



2025 жылғы 3-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және қоймада сақтау салаларында **өндіріс көлемінің** ұлғаюы байқалды. 2025 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібін, көлікті және қоймада сақтауды қоспағанда, барлық салаларда өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.

Сауда мен құрылыстан басқа барлық салаларда жұмыспен қамтылғандар саны артты.

2025 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығы саласындағы өз қызметкерлерінің **жалақысын төмендеткен** кәсіпорындар саны артты. 2025 жылғы 4-тоқсанда ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда жалақы жағдайы жақсарды.

¹ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

² ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

* Графиктерде 2025 жылғы 4-тоқсан бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

³ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (тау-кен өндіру өнеркәсібі мен сауданы қоспағанда)

⁴ Маусымдық тазартылған деректер (көлік пен қоймада сақтауды қоспағанда)

- **Бәсекелестіктің** неғұрлым ең жоғары **деңгейі әлі де** саудада **сақталуда**.
- **Дайын өнімге сұраныс** тау-кен өндіру өнеркәсібінде, көлікте және қоймада сақтауда, ауыл шаруашылығында артты.
- 2025 жылғы 3-тоқсанда **дайын өнім бағасының** өсуінің баяулауы сауда, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы салаларында байқалды. 2025 жылғы 4-тоқсанда ауыл шаруашылығынан басқа, барлық салаларда дайын өнім бағасының өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде.
- **Шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқынының баяулауы тау-кен өндіру өнеркәсібінде, көлікте және қоймада сақтауда, ауыл шаруашылығында байқалды. 2025 жылғы 4-тоқсанда барлық салаларда шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде.
- 2025 жылғы 3-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және қоймада сақтау салаларында **өндіріс көлемінің** ұлғаюы байқалды. 2025 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібін, көлікті және қоймада сақтауды қоспағанда, барлық салаларда өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.
- Тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда **өндірістік қуаттардың** орташа өлшемді **жүктемесі** төмендеді. Өндірістік қуаттарды жүктеудің ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде сақталады.
- **2025 жылғы 3-тоқсанда сатылымның кірістілігі** сауда мен құрылыста өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі сатылымның кірістілігі басқа салаларға қарағанда жоғары. 2025 жылғы 3-тоқсанда теңге бағамының **ресей рубліне** өзгеруінің теріс әсері өңдеу өнеркәсібі мен құрылыстан басқа барлық салалардағы кәсіпорындар үшін өсті.
- Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен, көлік және қоймада сақтаудан басқа барлық салаларда үстем. 2025 жылғы 3-тоқсанда теңге бағамының **ресей рубліне** қатысты өзгеруінің теріс әсері өңдеу өнеркәсібі мен құрылыстан басқа барлық салалардағы кәсіпорындар үшін өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыстан басқа барлық кәсіпорындар үшін теңге бағамының **АҚШ долларына** қатысты өзгеруінің теріс әсері ұлғайды.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық және кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі шамалы өсті.